

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Менің мектептегі мұражайым» атты сырттай байқауының қорытынды есебі

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Менің мектептегі мұражайым» тақырыбында сырттай байқау www.ziyatker.kz сайтында 2014 жылғы 31 наурыз – 26 сәуір аралығында өткізілді.

Байқаудың мақсаты: білім алушыларды мектеп мұражайының жан-жақты қызметіне қатыстыру арқылы мұражай педагогикасын дамыту, өскелең ұрпаққа педагогикалық әсер ету түрлерін, әдістерін және мазмұнын жетілдіруге ықпал жасау.

Міндеттері:

білім беру ұйымдарында мұражай қызметін насихаттау;

балалар шығармашылығын дәріптеу;

білім алушыларды Отанын, туған өлкесін, Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сүюге тәрбиелеу;

тарихи ескерткіштерге, мәдениетке және табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру;

дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Қазақстан Республикасының өңірлерінен қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы орта мектептердің 7-11 сынып білім алушылары сырттай байқауға қатысты. Байқауға жалпы 105 жұмыс түсті.

Әділ қазылар алқасы Қазақстан Республикасы өңірлерінен сырттай байқауға қатысқан жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың 105 жұмыстарын қарады. Байқауға қатысқан жұмыстар мына критерийлер бойынша бағаланды: ұсынылған жұмыстың байқау мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі, тақырыптың толық ашылуы, нақтылығын растайтын ақпараттар, мұражай мен мұрағат материалдарымен жұмыс жасай алуы.

Әділ қазылар алқасының мүшелері «Электрондық презентация» номинациясы жеңімпаздарды анықтады.

12-14 жастағы орта буында:

1 орын - Абатоллаева Жанель, Атырау облысы, Б. Нысанбаева атындағы орта мектеп.

2 орын – Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, № 1 орта мектеп.

3 орын – Витковская Виолетта, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайшын ауданы, Озерное селосы.

15-17 жастағы жоғары буында:

1 орын – Назаркин Александр, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайшын қаласы.

2 орын – Коструб Евгений, Мариниченко Екатерина, Қарағанды облысы.

3 орын – Асильбаева Меруерт, Қарағанды облысы.

3 место - Макеева Ольга, Батыс Қазақстан облысы, Зеленовский ауданы, Дарьинская орта мектеп.

«Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша.

12-14 жастағы орта буын

1 орын - Сустренов Артем, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, № 1 Явленская орта мектеп.

2 орын - Санаубарова Дарига, Қарағанды облысы.

3 орын - Никонова Ольга, Шығыс Қазақстан облысы, Серебрянск қаласы, № 1 М. В. Илюшкин атындағы орта мектеп КММ.

15-17 жастағы жоғары буын

1 орын – орын берілмеді.

2 орын место – Жақсыбай Әлфия, Қарағанды обласы, Балқаш қаласы, № 25 орта мектеп.

3 орын место – Қабешова Бақыт, Ұланова Айғаным, Солтүстік Қазақстан облысы.

Байқауды ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Атырау, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларының байқауға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін және Павлодар облысы Ефремовск жалпы білім беретін мектеп оқушылары осы байқауға 6 жұмыс жіберіп, белсенді қатысқанын атап өтті.